

Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 маусымдағы N 38-8 Шешімі. Жамбыл облысы Сарысу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 шілдеде 97 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 18 қазандағы № 55-5 шешімімен

Ескерту: Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2011.10.18 № 55-5 Шешімімен.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 5 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек берілсін.

2. «Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы» Сарысу аудандық мәслихатының 2009 жылғы 16 маусымдағы № 23-10 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-9-79 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

А.Назарбеков

М. Есмаханов

*Аудандық мәслихат
хатшысы*